



Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2011 жылғы 15 шілдедегі № 309 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 8 тамызда № 7106 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 16 маусымдағы № 283 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 16.06.2023 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидасының 11-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің қызметін бағалау әдістемесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (М.Ә. Бектемесов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткен соң бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі М.К. Орынхановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы

М. Орынханов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің
қызметін бағалау әдістемесі (заңды тұлғалар үшін)**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2012.12.07 № 545 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 25.06.2013 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің қызметін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Субъектілер) ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыратын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің қызметтерін аккредиттеуден өткізу кезінде Субъектілер қызметінің тиімділігін айқындауға мүмкіндік беретін бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге арналған.

Субъектілердің әрбір қызмет түрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген субъектінің рейтингтік парағында көрсетілген белгілі бір блокқа кіреді және 1 мен 20 балл шегінде бағаланады.

Уәкілетті орган ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің қызметін бағалау рейтингін соңғы 5 жылдағы мәліметтердің негізінде айқындайды. Егер субъектінің қызмет кезеңі 5 жылдан аспайтын болса, онда бағалау рейтингі барлық кезең бойынша айқындалады.

Әр блоктың көрсеткіштерінің мәні 0,1 ден 0,3 аралығындағы (K_n) салмақтық коэффициенттермен реттеледі.

1-блок. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет (ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларына сәйкес) K_1 - 0,30 салмақтық коэффициентімен;

2-блок. Ғылыми әлеуеттің сапалық және сандық көрсеткіштері, K_2 - 0,20 салмақтық коэффициентімен;

3-блок. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелері, K_3 - 0,20 салмақтық коэффициентімен;

4-блок. Нормативтік - құқықтық актілерді әзірлеу, K_4 - 0,10 салмақтық коэффициентімен;

5-блок. Қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары, K_5 - 0,10 салмақтық коэффициентімен;

6-блок. Қоғамдық іс-шаралар мен БАҚ-қа қатысу, K_6 - 0,10 салмақтық коэффициентімен;

7-блок. Алыс және жақын шетелдердің ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастық, $K7 - 0,10$ салмақтық коэффициентімен анықталады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің сапасы субъекті қол жеткізген көрсеткіштермен бағаланған жай балдарды қосу жолымен анықталады.

Субъектінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметін бағалаудың интегралдық өлшемдері (ИӨ) мына формула бойынша анықталады:

$$\text{ИӨ} = K1 \times Q1 + K2 \times Q2 + \dots + Kn \times Qn$$

Мұндағы: ИӨ - Субъектінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметін бағалаудың интегралдық өлшемдері;

$K1 \dots Kn$ - салмақтық коэффициенттер;

$Q1 \dots Qn$ - бағалау өлшемдерінің тиісті блогындағы балдардың жалпы саны.

Әрбір өлшемнің балдық жүйесі сол және басқа да көрсеткіштердің маңыздылығына байланысты.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2011 жылғы 15 шілдедегі
№ 309 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізімі

1. "Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы № 460 қаулысын іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 ж. 7 қарашадағы № 732 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелді № 2572, жариялануы: Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2003 ж., № 37-42. 882 бет).

2. "Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы № 460 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 7 қарашадағы № 732 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2009 жылғы 25 қыркүйектегі № 447 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелді № 5820, жариялануы: "Заң газеті" 2009 жылғы 6 қараша, № 170 (1593)).

3. "Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі № 421 қаулысын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 ж. 7 қарашадағы № 733 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелді № 2573, жариялануы: Қазақстан

Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2003 ж., № 37-42. 881 бет)).

4. № 2573 тіркелген "Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.03 жылғы 30 сәуірдегі № 421 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 7 қарашадағы № 733 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы № 457 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелді № 2897, жариялануы: Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2005 ж. № 9-13, 51 бет).

5. "Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі № 421 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 7 қарашадағы № 733 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2009 жылғы 30 қазандағы № 496 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелді № 5861, жариялануы: "Заң газеті" 2009 жылғы 29 желтоқсан, № 197 (1790)).